

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 сәуір N 518

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің қатысуымен әзербайжандық тараппен жоғарыда көрсетілген келісімге қол қою туралы келіссөздер жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Қырымбек

Елеуұлы Көшербаевқа Келісімнің жобасына принциптік сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Эзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы  
Жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық  
кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастық  
туралы Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Эзербайжан Республикасының Үкіметі,

ғылыми дәрежелер, ғылыми дәрежелердің салыстырмалылығы туралы

құжаттарды тану және ностификациялау принциптері туралы уағдаластықтарды басшылыққа ала отырып,

ғылыми байланыстарды сақтауға және нығайтуға үмттыла отырып,

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастықты жалғастыруға үмттылысын қуаттай келіп,

төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында келесі Тарап мемлекетінің тиісті аттестаттау органдары берген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беру туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды Тараптардың әрбір мемлекетінің зандарында белгіленген тәртіппен осы құжаттардың иелерін қайта аттестаттау жолымен таниды.

### 2-бап

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Әзербайжан Республикасының министрлігі Әзербайжан Республикасы Үкіметінің атынан осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атауы өзгерген немесе олардың функциялары басқа мемлекеттік органдарға берілген жағдайда, Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне дереу хабарлайды.

### 3-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттаудың мемлекеттік жүйелерінде аттестаттаудың үлттық жүйелерін дамытудың тұжырымдамалары мен ғылыми дәрежелерге талаптанушыларға қойылатын талаптары мен аттестаттаудың тұжырымдамаларын әзірлеу кезінде өзара консультациялар өткізеді.

#### 4-бап

Тараптар мемлекеттерінің органдары:

бір Тарап мемлекетінің талапкер азаматына диссертация қорғау үшін келесі Тараптың диссертация қорғау жөніндегі кеңестерінде бірдей жағдайлар жасау;

Тараптар мемлекеттерінің жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларын аттестаттаудың мемлекеттік жүйелеріндегі өзгерістер туралы уақытылы өзара хабардар ету, бұл кадрларды аттестаттау мәселелері жөніндегі тиісті нормативтік құқықтық актілер мен басқа да материалдарды алмасу;

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау процесін басқару тәжірибесін алмасу жөніндегі оны жетілдіруге бағытталған бірлескен іс-шараларды өткізу арқылы дамытады жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастықты.

#### 5-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары диссертациялық жұмыстарды сараптаудың сапасын көтеру үшін:

жетекші ғалымдар мен мамандардың келесі Тарап мемлекетінің

диссертация қорғау жөніндегі кеңестерінің жұмысына, сондай-ақ диссертация қорғалған кезде оппонент ретінде қатысуына;

бір Тараптың кеңестерінде қорғалған диссертацияны келесі Тараптың қорғау жөніндегі кеңестерінде қосымша сараптауды өткізуге жәрдемдеседі.

#### 6-бап

Осы Келісімге қатысу Тараптардың жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттау саласындағы ынтымақтастықтың басқа да нысандарын пайдалануға құқықтарын шектемейді.

#### 7-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде берілген ғылым кандидаты мен

ғылым докторының дипломдарын, сондай-ақ доцент пен профессордың аттестаттарын екі жақты келісімдердің негізінде әзірленген тетік бойынша қайта аттестаттау жолымен Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары таниды.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар қосымша келісімдер мен хаттамалар жасай алады.

9-бап

Осы Келісімнің мәтініне Тараптардың өзара келісімдері бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіле алады.

10-бап

Осы Келісімнің қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер консультациялар        мен        келіссөздер        жолымен        шешіледі.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданылады және одан кейін, егер Тараптардың ешқайсысы келесі Тарапқа тиісті кезеңнің аяқталуынан алты ай бүрын өзінің ниетін оның қолданылуын тоқтату туралы жазбаша келесі Тарапқа хабарламаса, ол одан кейінгі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

2000 жылғы "\_\_\_" қаласында әрқайсысы қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық үш мәтіннің

бірдей құші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының      Әзербайжан Республикасының  
Үкіметі үшін                          Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.